Ресми рецензент PhD докторы Исаева Айнұр Женисовнаның
«8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тұрлыханқызы Құралайдың «Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына жазбаша
ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тұрлыханқызы Құралайдың «Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасының 2024-2030 жылдарға арналған Қауіпсіз еңбек Тұжырымдамасының, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. «8D042 – Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04202 – Құқықтану», «6D030200, 8D04201 – Халықаралық құқық» докторантурада дайындау бағыттары бойынша ізденуші Тұрлыханқызы Құралайдың ұсынылып отырған жұмысы сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу тақырыбындағы диссертациялық жұмыс отандық құқық ғылымына өзінің **елеулі үлесін қосады**. Диссертация отандық заң ғылымындағы еңбек шартын бұзу рәсімдерін сақтамау нәтижесінде жұмыста қалыпқа келтірумен сипатталатын жұмыскердің құқықтарын қорғаудың ұлттық құқықтық негіздерінің маңыздылығы мен мазмұнын зерттеудің алғашқы әрекетін сипаттайды.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі **жоғары.** Жазу тілі жатық, түсінікті, сауатты орындалған. Диссертациялық жұмыс оқырманына өте жақсы әсер қалдырады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс жаңа ғылыми негізделген нәтижелерді қамтитын ғылыми жетілдірілген жұмыс болып табылады. Алынған нәтижелерді жалпы бағалау олардың негізділігі мен объективтілігіне күмән тудырмайды. Зерттеудің ғылыми негіздемесі жұмыстың отандық заң ғылымындағы кешенді зерттеудің алғашқы талпыныстарының бірі болып табылатындығында, қазіргі таңда еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыскерлерді жұмыстан босатудың негіздері мен тәртіптік жауапкершілікті қолдану ережелерінің жеткілікті түрде зерттелмегені байқалады. Және де, тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану кезінде жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың заңнамалық кепілдіктерін нығайту қажеттілігі туындайды. Осы тұста, диссертант зерттеу тақырыбының өзектілігін **негіздей білген.**
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Тақырып мазмұны жоспармен үйлесімін тапқан. Диссертацияны оқып талдау барысында, зерттеудің мазмұны тақырыпты нақты **айқындайды.** Жұмыс материалдарын дәйекті және қисынды көрсетілуін қамтамасыз ететін өзара байланысты үш бөлімнен тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді,** атап айтқанда, жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың теориялық және практикалық аспектілері кешенді зерттеліп, жұмыстан босату рәсімдерінің талаптарын бұзу контекстінде жұмыста қалпына келтіру қатысты сот тәжірибелерін салыстырмалы талдау бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатын алға қояды.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның бір ерекшелігі - барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық **толық байланысқан**, бұл жұмыстың құрылымы мен логикалық жүйеге негізделе отырып, кезектілікпен баяндалуымен расталады. Жалпы зерттеу жоғары деңгейде жазылған, диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттері қарастырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор жұмыста тарихи тұрғыдан бастап, қазіргі кезеңде қолданылуы деңгейіне дейін, отандық және шетелдер тәжірибесінен алып салыстырмалы талдауларды жасаған. Автор ұсынған жаңа нәтижелер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, **сыни талдау бар**.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңа** болып табылады. Бұл жұмыстың құндылығын едәуір арттырады, өйткені ол еңбек құқығы ғылымның дамуына негізделеді. Алынған нәтижелердің маңыздылығы қазіргі еңбек шартын бұзу рәсімдерін реттеу тетіктерін дамытуда, сондай-ақ жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу еңбек шартының екі тарапының да құқықтары мен мүдделерін қорғауға, жұмыскердің кінәлі әрекеттері себебінен еңбек шартын бұзу рәсімдерінің тиімділігі мен әділдігін арттыру бағытында еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін екендігімен айқындалады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері **толығымен жаңа** және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Автор диссертацияда ұсынған негізгі қорытындылар ғылыми тұрғысынан алғанда салмақты да шынайы деректерге негізделген. Барлық тұжырымдар негізгі зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты кешенді де жүйелі ғылыми еңбектер мен қағидаттардан бастау алады және ғылыми қорытындылар анализдер мен салыстырмалы талдаулар негізінде жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі жеті қағидаттар ұсынылады: **Нәтиже 1.** Қазақстанда тәртіптік жауапкершілікті нығайту және жұмыс берушілердің өкілеттіктерін кеңейту елдегі жұмыссыздықты азайтуға әсер еткенін көрсетеді. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. **Нәтиже 2.** ҚР Еңбек кодексінің 49-бабында еңбек қатынастарын тоқтату негіздерін сипаттайтын «Еңбек қатынастарын тоқтату» атауды ұсынады. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес.

		2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. **Нәтиже 3.** Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылған жұмыскерлер үшін бірқатар кепілдіктерді қамтамасыз ететін Халықаралық еңбек ұйымының «Кәсіпкердің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын тоқтату туралы» (1982 ж.) №158 Конвенциясын ратификациялауды ұсынады. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. **Нәтиже 4.** ҚР Еңбек кодексінің 52-бабындағы негіздерді жүзеге асыру барысында процедуралық кепілдіктерін сақтай отырып, еңбек шартын бұзудың тәртіптік негіздерін дұрыс қолдану жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру қажет. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. **Нәтиже 5.** Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу тәртібіне арналған стандарт ұсынылады. Бұл стандарт еңбек шартын бұзудың жүйелі және ғылыми негізделген тәсілдерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ құқықтық нормалардың сақталуына және еңбек қатынастарының екі тарапының мүдделерін қорғауға кепілдік береді. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең.

			7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген. **Нәтиже 6.** Қазақстан контекстінде тәртіптік шаралардың қатаңдығы мен тәртіптік істер бойынша сот практикасы арасындағы байланысты талдау компаниялардың персоналды басқару және еңбек тәртібі мәселелерін шешуге әсер етеді. Осыған орай, сот практикасы кәсіпорындарда құқық қолдану саласында үлгі ретінде қолдануды ұсынады. 7.1.1). Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. 7.2.2). тривалды емес. 7.3.1). қағида жаңа. 7.4.3). қолдану деңгейі кең. 7.5.1). ғылыми мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ	**Ия.** Әдістеменің таңдауы негізделген және нақты жазылған. Автор нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігіне қол жеткізудің негізгі факторы болып табылатын зерттеуге нақты және жүйелі көзқарасты ұсынады. Диссертацияның әдіснамалық тәсілі нормативтік-құқықтық талдауды, тарихи әдісті, салыстырмалы-құқықтық талдауды және сапалы зерттеуді кешенді қолдануды қамтиды. Диссертацияның әдістемесі сенімді және жүйелі түрде ұсынылған, бұл зерттеу нәтижелеріне сенудің маңызды негізі болып табылады және жұмысты құнды үлес етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;**	**Ия.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды. Автор кеңейтілген компьютерлік технологияларды қолданды, бұл үлкен көлемдегі ақпаратты талдауда жоғары дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз етті.

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;**	**Ия.** Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған. Бұл диссертацияда ұсынылған ғылыми ережелер мен тұжырымдарды сенімді және негізделген деп санауға мүмкіндік береді. Сот тәжірибесін талдауға қатысты, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен қайталануын қамтамасыз ету үшін сандық деректер статистикалық әдістерді пайдалану арқылы объективтілік пен дәлдікті қамтамасыз ету мақсатында өңделді. Теориялық болжамдардың қосымша расталуын қамтамасыз етті. Бұл тәсіл ұсынылған гипотезаларды тексеріп қана қоймай, Қазақстанның еңбек-құқықтық жүйесін дамытудағы жаңа өзара байланыстар мен заңдылықтарды ашуға мүмкіндік берді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу барысында келтірілген мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы **расталған.** Пайдаланған әдебиеттердің тізімде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын көптеген сенімді деректерімен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі жан-жақты әдеби шолу жасау үшін **жеткілікті.** Автор заманауи монографияларды, ғылыми журналдардағы мақалаларды, сондай-ақ халықаралық құжаттар мен отандық нормативтік актілерді қоса алғанда, ғылыми жұмыстардың кең ауқымына сүйене отырып, зерттеу тақырыбын терең түсінетінін көрсетеді. Әдебиеттерді таңдау зерттеудегі тәсілдердің өзектілігі мен әртүрлілігін көрсетеді, сонымен қатар тақырыптың жан-жақтылығы мен күрделілігін қамтуға мүмкіндік береді. Осы саладағы классикалық еңбектерді де, соңғы басылымдарды да тарту әдеби шолудың толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етеді. Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдебиеттер, оқулықтар, ғылыми мақалалар

			жеткілікті дәрежеде қамтылған. Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізу үшін көлемді ғылыми әдебиеттерге ғылыми шолу жасап, 197 дереккөз пайдаланған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) **ия;** 2) жоқ	**Ия.** Диссертацияның ғылыми-теориялық маңызы бар, өйткені ол жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын бұзуды реттеу саласындағы еңбек құқығының теориялық негіздерін терең түсінуге және дамытуға ықпал етеді. Жұмыскердің кінәлі әрекеттері салдарынан еңбек қатынастарын тоқтату кезінде екі жақтың да құқықтарын қорғау тетіктерін зерттей отырып, жұмыс беруші мен жұмыскердің мүдделерінің тепе-теңдігі туралы теориялық ережелерді дамытады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **ия**. Зерттеу жұмысында алынған ұсыныстар мен тұжырымдар тәжірибеде қолдануға өз септігін тигізеді. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсыныстар норма шығару және құқық қолдану қызметін оңтайландыру үшін, ЕК-не өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу кезінде, мемлекеттік және сот органдары тиісті актілерді қабылдау кезінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, ол ғылыми зерттеулер жүргізу, еңбек құқығы пәнін оқыту үшін, сондай-ақ жоғары оқу орындарында арнайы курсты енгізу кезінде қолданыла алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация бойынша шығарылған тұжырымдар **толығымен жаңа.** Алынған деректер тиіс құқық саласымен тәжірибеде қолданылуы мүмкін екендігі, зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын білдіреді.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **<u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы **жоғары.** Оны тараулардың логикалық тұрғыдағы байланысы, пікірлерді дәлелді деректер арқылы келтірілгендігі, жазу дағдылары, толықтығы, нақтылығылығымен айқындалады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Қ. Тұрлыханқызының диссертациясы жоғары мазмұнды жазылған, ғылыми деңгейде орындалған. Сонымен қатар, жұмыс бойынша төмендегідей ескертпе мен ұсыныс бар: 1. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде әзірленгендіктен, отандық ғалымдардың еңбектерін кеңінен қолдану ұсынылар еді. Аталғандар ұсынбалы сипатқа ие және жұмысты оң жақты қабылдауға кедергі келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі теориялық идеялары, қорытындылары мен тәжірибелік ұсынымдары 25 ғылыми мақалада баяндалған, оның ішінде – 4 мақала - Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық басылымдарда; 4 мақала – комитет ұсынған ғылыми басылымдарда; 8 мақала – халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде 2 мақала - шетелдік конференциялар материалдарында; 7 мақала - өзге де отандық басылымдарда жарық көрген. Зерттеу нәтижелерін оқу процесіне біріктіру үшін Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің білім беру бағдарламасына «Педагог қызметінің құқықтық негіздері» пәні әзірленді. Сонымен қатар, зерттеу қорытындысы бойынша ҚР «Алматы Диализ Орталығы» ЖШС-нің әкімшілік-кадрлық жұмыс жөніндегі басқарма, қаржы бөлімі, медициналық қызметкерлер құрамына; Жамбыл облысы «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Кәсіби даму институты қызметкерлеріне; Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің қызметкерлер құрамына «Еңбек шарты: қызметкер мен жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері» атты бағдарламалық дәрісі

			дайындалып, іске асырылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережеңің 28-тармағына сәйкес)		Тұрлыханқызы Құралайдың «8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:
PhD докторы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Экономика және құқық институты
Құқықтану білім беру бағдарламасының аға оқытушысы **А.Ж. Исаева**

«_____»_____2025 жыл